

Шеденов Ө.Қ.
**Аймақтарды басқаруды
жетілдіру бағыттары**

Бұл жұмыста Қазақстан Республикасының аймақтарының тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіндегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған теориялық қағидаларды және тәжірибелік ұсыныстар келтірілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы аймақтық басқарудың негізгі мәселелерді талдау мен анықтау арқылы оны дамыту мен оңтайландыру шаралары ұсынылған. Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын тегістеуге бағытталған мемлекеттік аймақтық саясатты жүргізу стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Ұлттық экономиканың тұрақты өсуі елдің проблемалық аймақтарындағы өмір сүру жағдайын жақсартпайынша мүмкін емес. Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекше проблемаларымен сипатталатын әр түрлі аумақтарды қамтиды. Зерттеудің мақсаты проблемалық аймақтар болып табылады. Бұл аймақтар қатарына бірқатар себептердің салдарынан экономикалық әлеуеті төмен, орташа республикалық көрсеткіштерден бірнеше есе артта қалғандар. Сонымен бірге өнеркәсібі әртараптандырылмаған және нашар дамыған инфрақұрылымымен сипатталатын аймақтар жатады. Мұндай аумақтар олардың өзіндік дамуын ынталандыратын мемлекеттің көмегіне мұқтаж.

Түйін сөздер: аймақ, аймақтарды басқару, әкімшілік-аумақ, орталықсыздандыру.

Shedenov U.K.
**Directions of developing
regional governance**

In this work for the sustainable economic development of the regions of Kazakhstan are presented in theory the principles of improving governance and practical recommendations ehkon social trends. Also provided are methods of optimization and development through the identification and analysis of regional management glavnyx problems in Kazakhstan. For Kazaxstana state regional policy aimed at vyrovnivanie trends in socio-economic development it is important from a strategic point of view. Sustainable razvitik national economy is not possible without improving the living conditions in the country problematicheskix regionax. The current economic area of the Republic oxvatyvaet different regions xarakterizuyuschiesya social, economic, environmental, special problems. The aim of the study is problematic regions. These are regions with low economic potential and lags behind the national average figure is several times due to a number of reasons. Inputs are also regions with inconsistent production and A poor infrastructure. Such regions are in need of government assistance motivating their development. Therefore, on the verge of global economic trends for Kazaxstana main task, it needs to be addressed a neutralizing negative consequences for the regions and creating necessary conditions for their development, increase the positive result.

Key words: region, regional management, administrative territory, decentralization.

Шеденов У.К.
**Направления развития
регионального управления**

В данной работе для обеспечения устойчивого экономического развития регионов РК представлены теоретические принципы повышения эффективности государственного управления и практические рекомендации в социально-экономической тенденции развития. Также предложены способы оптимизации и развития путем определения и анализа главных проблем регионального управления в РК. Для Казахстана государственная региональная политика, направленная на выравнивание тенденции социально-экономического развития, является важной со стратегической точки зрения. Устойчивое развитие национальной экономики невозможно без улучшения условий проживания в проблематических регионах страны. Целью исследования являются проблематические регионы. К ним относятся регионы, имеющие низкий экономический потенциал и отставшие от среднего республиканского показателя в несколько раз вследствие ряда причин. Также входят регионы с несовместимым производством и плохо развитой инфраструктурой.

Ключевые слова: регион, региональное управление, административная территория, децентрализация.

АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Кіріспе

Мемлекеттің алдында тұрған негізгі мақсат – халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақты дамыту негізінде жоғарылату. Қойылған мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасының атқару органымен бірқатар басымдықтар жиынтығы айқындалған. Солардың бірі – аймақтық басқарудың нәтижелілігін жоғарылату. Қазіргі кезеңде негізгі шаруашылық қызметтің аймақтарда жүзеге асырылатынын ескерсек, оларға әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздігінен шешуге лайықты қаржылық дербестіктің берілуі маңызды болып табылады. Осымен байланысты бүгінгі таңда мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді ажырату, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері еліміз аймақтарының экономикалық өсуіне мүмкіндік беретін негізгі шарттар ретінде қарастырылуда.

Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әлеуметтік жағдайын арттырудың жаңа міндеттері.

Аймақтар Қазақстан Республикасының аумақтық субъектілері болып табылатындықтан биліктің жергілікті органдары өз аймағының халқының толып жатқан экономикалық, әлеуметтік және мәдени мұқтаждары мен тілектеріне жауапты өздерінше іздестіруі тиіс. Қазақстан Республикасының экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде реформа ауыртпалығының салмағы шаруашылық жүргізудің аймақтық деңгейіне ауысып, осыған орай басқарудың жергілікті органдарына үлкен өкілеттік беріліп, олардың жауапкершілігі арта түсуде. Аймақтардың шаруашылық қызметінің ұлғаюы республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара қарым-қатынастарының мәселесіне, жергілікті бюджеттерді басқаруды дұрыс ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етеді.

Әлемнің барлық елінде географиялық орналасу ерекшеліктеріне, табиғи-климаттық жағдайларына байланысты аймақтарды бөліп, жеке-жеке дамытуға күш салады. Сол сияқты Қазақстанның әрбір аймағы өзіне тән табиғи ресурстары, оларды орналастыру ерекшеліктері, шаруашылықтың өзіндік құрылымы, мамандануы, өзіндік экономикалық даму деңгейі бар. Қазіргі кезде экономиканы басқару жүйесіндегі соңғы уақытта

жүргізіліп жатқан өзгерістер аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орны мен рөліне айтарлықтай айқындап беруде.

Қоғамның қай тұсында болмасын экономиканы басқару мемлекетке қашанда оңай болған емес. Қазіргі ғылымы мен техникасы, ақпараты мен пікір алмасу үрдіс қарқынды дамып келе жатқан қоғамда басқаруды тізгіндеп орталықта бұрынғысынша ұстап отыру мүмкін еместігі күн санап дәлелденіп келеді.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұтастық пен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында мемлекеттік биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіріп, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар тұрғызу басты мақсат. Жергілікті өзін-өзі басқару институттарын кезең-кезеңімен қалыптастыру азаматтық қоғам институттарын нығайтуға ықпал етпек.

Талдау

Елімізде нарықтық қатынастардың қалыптасуы экономиканы басқару жүйесінің өзгеруіне әсер етті. Әсіресе, мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған жүйесінен біртіндеп орталықтандырмай басқару жүйесіне ауысу процесінің басталуы уақыт талабына сай екенін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан да қазір мемлекеттік басқаруды тиімді ету жолдарын қарастыруда еліміздің аймақтарына біртіндеп өкілеттіктерді беру арқылы жергілікті мәселелердің тиімді әрі уақытында шешімін табуға, халықтың мүддесінің толығымен сақталуының негізгі жолдары іздестірілуде. Жергілікті басқаруды қалыптастыру, дамыту және жетілдіру мақсатында көптеген қарама-қайшылықтармен бірге, оны әрі қарай дамытпайынша, тұтастай экономиканың тиімді дамуына қол жеткізу мүмкін еместігі де аян.

Экономиканы қайта қалыптастыру кезінде нарықтық өзгерістерге аймақтық басқару деңгейі дайын болмай шықты. Әміршіл-әкімшіл жүйеде аумақтардың экономикасы жеке секторларға бөлініп, одақтық, республикалық, салалық, жергілікті билік органдарымен басқарылды. Сондықтан Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының ғылыми дәлелденген тұжырымдамасын жасақтау қажеттілігі туындады. Соңғы онжылдықта көптеген мемлекеттерде экономикалық

және әлеуметтік процестерді аймақтандыру жүріп жатыр. Сол себепті реттеу функциялары мемлекеттік биліктің орталық деңгейінен аумақтық деңгейге ауысып жатыр.

Мемлекеттік басқарудың тиімді болуы үшін оның барлық функцияларын басқару деңгейлері арасында нақты бөлу тек қана уақытты талап етіп қоймай, сонымен бірге, ел мүддесіне залал келтіретіндей қателіктер жіберіп алмау үшін шетелдердің тәжірибелеріне талдау жүргізу, кейбір елдерде болған кемшіліктерді болдырмау, бюджет жүйесіне өзгерістер енгізу, өкілеттіктерді айқын ажырату, салықтарды бөлу, бюджетаралық қатынастарды дұрыс шешу, ең маңыздысы мемлекеттік мүдденің халық мүддесімен астарласып жатуына аса сақтықты талап ететін мәселе. Аймақтарды және олардың қаржылық ресурстарын басқару адамдардың өмір сүру деңгейін көтермелеуде, республикалық және жергілікті бюджеттерді толтыруда, кәсіпкерлікті дамытуда, жаңа жұмыс орындарын құруда маңызы өте зор.

Нарықтық экономикаға ауысу жағдайында шаруашылық реттеудің және меншік формаларының көптүрлілігін негізгі объектісі облыс болып табылады. Дәл осы звеноға жүйе белгілерінің барлығы тән, соның ішінде тұтастық қасиеті. Облыс звено ретінде аймақтық экономиканың субъектісі болып табылады. Яғни экономикалық, қаржылық, құқықтық сфералардағы өкілеттіктері одан төменгі деңгейдегі – қала, аудан, ауылдық жерлермен тең.

Аймақтық басқарудың үш түрлі астарын көрсетуге болады: аймақ пен орталықтың қарым-қатынасы; аймақ пен өзін-өзі басқару (қала, аудан) қарым-қатынасы; шаруашылық ретінде аймақтың кешенді дамуын қамтамасыз ету (жеке аймақтық басқару).

Қазақстан Республикасы экономикасының күрделі кеңістіктік құрылымы мен жүргізіліп жатқан экономикалық саясаттың жемісті болуы оның жергілікті деңгейде жүзеге асуына тікелей байланысты.

Әкімшілік-аумақтық құрылысты қайта қалыптастыруда мына мәселелер басыңқылықты болып келеді: тарихи тәжірибені ескере отырып, әкімшілік-аумақтық құрылыстың ел Конституциясымен сәйкес келуі, әлемдік тәжірибенің ескерілуі, еліміздің қазіргі географиялық, экономикалық, демографиялық және саяси өзгерістері.

Әкімшілік-аумақтық құрылыстағы кез келген өзгеріс ондағы түбегейлі болған әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға байланысты [1].

Әкімшілік-аумақтық құрылысты әкімшілік-аумақтық бөлініспен теңестіріп қарау заңды тұрғыдан дұрыс болмайды. Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінісі оны құрайтын департаменттерден, облыстардан, аудандар мен басқа да аумақтық бірліктерден тұрса, әкімшілік-аумақтық құрылысы мемлекет билігінің аумақтық функциялар (мемлекет міндеттері, мақсаттары, саяси тәртібі) кешенін қамтиды. Дамыған унитарлы мемлекеттердің ең күшті буындары қала, аудан мен село болып табылады.

Әкімшілік-аумақтық құрылыс – географиялық, демографиялық, экономикалық және саяси факторлармен, мемлекеттің міндеттерімен және функцияларымен, сондай-ақ, мемлекеттік билік органдарының қызмет етуін және оның тиімді ұйымдастырылуын мақсат ете отырып, белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлінісі мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан нысаны. Әкімшілік-аумақтық құрылыс түсінігі мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының арасындағы құқықтық реттеу механизмін де қарастырады. Әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселесіне осындай тұрғыдан қарау мынадай бағыттардың дамуына оң әсерін тигізеді:

- елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісін оның географиялық, демографиялық, экономикалық және қазіргі саяси жағдайын қарастыра отырып бөлудің тиімділігіне;

- әкімшілік-аумақтық құрылыстың нормативтік-құқықтық базасын еліміздің Конституциясына негіздеп дайындауға;

- аймақтық деңгейде мемлекет билігін жетілдіру және жергілікті өзін-өзі басқарудың болашақ дамуына.

Аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқарудың маңызды бөлігін құрай отырып, аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу арнайы экономикалық заңдылықтарға және өндірістік күштерді орналастыруға негізделеді. Өндірістік күштерді орналастыру заңдылығы өндірістік күштер мен аумақтар арасындағы жалпы қатынастарды анықтайды. Әсіресе, аумақтардың дамуы мен орналасуында аймақ шаруашылықтарының кешенді дамуы, олардың дамуын әлеуметтік және экономикалық теңестіру, аймақ пен оның шегіндегі аумақ арасында еңбекті аумақтық бөлу сияқты заңдылықтардың рөлі зор. Ондай заңдылықтардың мәні мынада болса керек: аймақ шаруашылықтарының кешенді дамуы инфрақұрылымды, аумақты өндіріс кешенімен толықтыруды, салаларды нарық талабына сай мамандандыруды ұсынады. Еңбектің аумақтық

бөлінісінде ерекше тоқтала кетуді қажетсінетін мәселе ол – аймақтардың дамуын әлеуметтік және экономикалық теңестіруді мемлекеттік реттеу болып табылады. Оның нәтижесі табиғи-географиялық, тарихи, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және басқа да жағдайлармен өзін-өзі қамтамасыз етуден көрінеді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде саяси өмірдің демократиялық жолын таңдады. Соңғы жылдары аймақ экономикасы маңызды мәселелер қатарына шықты. Аймақтық дамуын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты – аймақтарға экономикалық өсуге жету арқылы бүкіл республикалық экономиканы жақсартуды қамтамасыз ету [2].

Мемлекеттегі әрбір аймақ өзімен-өзі жеке дами алмайды, өйткені басқа аймақтардың даму барысына зиянын тигізбес үшін оның ерекшеліктерін де ескеруі тиіс. Сондықтан да экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі аймақтық саясаттың маңызы ерекше бола түседі. Мемлекет әрбір аймақ үшін бағдарлама жасап, сол бойынша аймақтар өзінің даму бағытын жүзеге асырады.

Қазақстан аймақтарының даму мәселелерін шешу, ең алдымен, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы теңсіздікті жою, табиғи ресурстарды игеру қажеттігі, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, шаруашылық құрылымдарының аумақтық жетілдірілуі, халықты жұмыспен қамту және т.б. мәселелерді іске асырумен тікелей байланысты. Бұл жағдайда экономикаға әсер етудің жаңа әрі тиімді әдістерін қолдану қажет. Мұндай әдістердің қатарына мамандандырылған және сенімді, шектелген уақыт аралығында мемлекеттің бірінші аймақтық саясат арқылы жекелеген аймақтардың стратегиялық даму мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-мақсаттық жоспарлар, болжамдар, яғни аймақтық бағдарламалар жатады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 және «Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауын, жарлықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын бекітілсін деп қаулы етті.

Бағдарламаның мақсаты – Аймақтардың перспективада өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу.

Бағдарламаның міндеттері:

– аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын шектейтін жүйелі проблемалары мен факторларын анықтау және оларды жою үшін жергілікті атқарушы органдар іс-қимылдарының тиімді тетігін әзірлеу;

– Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Ақтау қалаларында орталықтары бар агломерацияларды басым дамыту арқылы аймақтық және әлемдік нарықтармен ықпалдастырылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру;

– бәсекеге қабілеттілігін және халықтың экономикалық әлеуеті мен қоныстандыруды ұтымды кеңістіктік ұйымдастыру үшін аймақтарды қаржылық қолдау;

– елдің аумақтық дамуын жетілдіру;

– қоршаған ортаның жай-күйін, тұрғын үй қорын, коммуналдық және көлік инфрақұрылымын жақсартуды қоса алғанда, халықтың тұруына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

– халықты ауыз сумен және су бұру қызметтерімен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету;

– халық үшін тұрғын үй қолжетімділігін одан әрі арттыруды қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу [3].

Елбасының Жолдауда белгілеген аймақтық саясат аспектілерінің біріне басқарманың сауатты орталықсыздандырылуын өткізу, орталық және аймақтар арасындағы жауапкершілік пен өкілеттіктерді жіктеу бойынша нақты шараларды қолдану, жергілікті атқарушы билік көздерін күшейту жатады. Қоғамдық бақылауды, азаматтардың жергілікті жерлердегі жағдайға ықпал етуін күшейту үшін ауылдық әкімдіктерді мәслихаттар арқылы сайлау шешімі қабылданды. ҚР жергілікті өзін өзі басқару мәселелері бойынша Заңының жобасы ауылдық әкімдерді сайлаумен бірге әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісушілікке жіберілді.

Сөз ретіне қарай, көптеген дамыған мемлекеттердің бүгінгі күні осы жүйені кеңінен қолданып отырғанын айта кеткен жөн. Қазыналық орталықсыздандырудың оң нәтижелерін дамушы мемлекеттердің тәжірибесінен де көруге болады. Мысалы, 1980 жылдан бастап Қытайдың жергілікті билік өкілдері салықтық-бюджеттік саясат жүргізуге қосымша құралдар мен өкілеттіктер берді. Бұл өз кезегінде олардың жұртшылық арасында игілікті іс-шараларды жүзеге асыруына оң әсерін тигізді. Ал Үндістанда жағдай басқаша өрбіді. Оларда 1990 жылдардың бас кезінен орталықтандыру саясаты жүргізіліп,

маңызды шешімдердің басым көпшілігін орталық үкімет қабылдады. Орталықтандырылған федерализм аймақтарға мардымсыз қазыналық өкілеттіктер берді, бұл жергілікті экономиканың дамуын тежеді. Үндістанның орталық үкіметі соңғы жылдары қазыналық саясат саласындағы шектеуді біршама босаңсытты, соның нәтижесінде мемлекет штаттары инновацияға бет бұрып, экономикалық өсу едәуір жақсарды [4].

Осы мысалдардан бюджеттік-салықтық орталықсыздандырудың жергілікті билікті ынталандыратынын байқауға болады, бұл өз кезегінде кірістің жергілікті қосымша көздерін іске қосуға, сол арқылы кіріс көлемін еселей түсуге ықпал етеді. Бұған қоса қазыналық орталықсыздандыру жергілікті биліктің кірістерді барынша көбейтуден өзге де мақсаттарға көңіл бөлуіне мүмкіндік туғызады. Атап айтқанда, кіріс көлемін ұлғайтуға қол жеткізген жергілікті билік халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды қолға алады, жергілікті әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға арналған қосымша кірістер қарастырады, қаржылық түсімдерді арттыра түсу құралы ретіндегі сапалы мемлекеттік қызмет көрсетулерге және жаңа нарықтық мүмкіндіктер жасауға көңіл бөледі.

Нәтижелер және талқылау. Аймақтардың экономикалық дамуы көптеген салалардың бір-бірімен үйлесімді жұмыс істей білуімен тығыз байланысты екенін жұрттың бәрі жақсы біледі. Осы орайда, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа деңгейін арттыруға арналған бюджет қаражаты шығыстарының аймақтың экономикалық дамуына әжептәуір әсер ете алатынын айтуымыз керек. Бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсетудің заман талабына сай бизнес-тартымдылық мәселесінің маңыздылығын айқындау проблемасы бүгінде алдан жиі шығатын болды. Мұны басқаша түсіндірер болсақ, кейбір мемлекеттік қызмет көрсетулер экономикалық дамудың кейбір көрсеткіштеріне оң ықпалын тигізетінін әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр. Ретіне қарай мемлекеттік қызмет көрсетудің көлік, қоғамдық қауіпсіздік және білім беру тәрізді маңызды түрлерін атап өтуге болады. Осылардың арасында көлік саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің сапалық деңгейі мен экономикалық даму арасында оң байланыстың бар екені байқалады. Ал қоғамдық қауіпсіздік пен аймақтың экономикалық дамуына арналған мемлекеттік шығыстар арасындағы байланыс, көлікке арналған шығыстармен салыстырғанда төмен. Сондай-ақ, білім беру мен аймақтың экономикалық дамуына арналған шығыстар арасындағы бай-

ланьс аталған үш сала ішіндегі ең осалы болып табылады. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Өйткені, бизнес тұрғысынан қарағанда, білім беруге арналған шығыстар, көп жағдайда, болашаққа салынған инвестиция ретінде қарастырылады. Оның үстіне білімді адамға сұраныс көп болатындықтан, білім беруге жұмсалған қаржының едәуір бөлігі бір аймақтан екінші аймаққа ауыс-түйіс болып отыруы әбден мүмкін. Бұдан мемлекеттік қызмет көрсетуді қаржыландыру билік деңгейлерінің арасында бөлінуге тиіс деген қорытынды жасауға болады.

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында – біз аймақтарды дамытуда әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешуге назар аударуға тиіспіз. Қазіргі кезде бірқатар аймақтардың экономикалық баяу дамуы еңбекпен қамтудың қамтамасыз етілмеуіне алып келеді, халықтың кірісінің деңгейі тербеліп тұрғанын айтып өтті.

Ең алдымен, мемлекеттік органдардың аймақтық даму саласындағы жұмыстарын үйлестіруді күшейту қажет. Мұндағы басты міндет – мемлекеттік және салалық барлық бағдарламалардың орындалуын аймақтық дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешумен үйлестіру.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің ««Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында орталықсыздандыру идеясының мәні – шешім қабылдау үшін құқықтар мен қажетті ресурстарды орталықтан аймақтық билік органдарына беру екендігін атап көрсетті. Осыған орай орталықсыздандыру идеясының әлемнің басқа мемлекеттерінде іске асырылуына назар аударып көрелік. Көптеген дамушы елдердің қазыналық орталықсыздандыру барысында түрлі қиыншылықтарға тап болатынын дүние жүзінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Бұл ретте салықтық-бюджеттік орталықсыздандыру бойынша әзірленіп, асығыс жасалған реформаны бүкіл ел аумағына бір мезгілде енгізудің ойдағыдай нәтиже бермейтініне мысалдарды көптеп келтіруге болады. Демек, түбегейлі орталықсыздандыруды біртіндеп жүргізген жөн. Алдымен, орталықсыздандыру барысында экономикалық өсімге қол жеткізе алады деген аймақ таңдалып, оған реформа жүргізу үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстар беру керек. Мұндай стратегияның мақсаты – орталықсыздандыруды аталған елде іске асыруға болатынын дәлелдеу. Жалпы алғанда, қазыналық федерализм қағидаттарына сәйкес

белгіленген нормадан тыс қосымша қаржылық кірістер аймақтарда қалып, сол аймақтағы халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етуге тиіс. Ол үшін аймақ бірінші кезекте бизнестің дамуына қолайлы жағдайлар жасауға ынталылық танытып, келіп түскен қосымша кірістердің есебінен халықтың тұрмысын жақсартуға күш салуы керек. Қазыналық орталықсыздандырудың саяси аспектілеріне келсек, оның ұлттық деңгейдегі оң әсерін атап көрсетуге болады. Орталықсыздандыру – қоғамды одан әрі демократияландыру көріністерінің бірі. Ол сайлаушыларды кандидаттар туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Жергілікті жерде іскер әрі лайықты адамға таңдау жасауға мүмкіндік туғызады.

Республикадағы мәселелі аудандардың болуын ескере құрылымдық өзгерістерге, әлеуметтік дамуды теңестіруге мүмкіндік жасайтын бағдарламалар жүзеге асыру мақсатты. Бұл үшін негізгі құрал көздері территориялық бола алады. Ол игілікті жағдайы бар және жеңілдікті мемлекеттік капитал салуға ынғайланған аймақтарда туындау мүмкін.

Барлық аймақтар донор және дотация алатын болып бөлінеді. Трансферт түріндегі қордан қаржылық көмек “қолдауды қажет ететін аймақтар” немесе “қолдауды ерекше қажет етін аймақтар” мәртебесіне ие аймақтарға бөлінеді. Олардың қатарына бекітілінген және реттелінетін табыстың бір тұрғынға санағандығы көрсеткішінің орташа республикалық көрсеткіштен төмен аймақтар жатады. Қаржыландырудың қосымша көзі Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық қорын құру болып отыр. Бұл қор рыноктық инфрақұрылымды дамыту тапсырмаларын шешуге мүмкіндік жасайды, олар:

а) кәсіпкерлікпен бәсекені қолдаушы аймақтық бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруға қатысады;

б) тауарлар мен қызметтің монополистік рыногына шығатын шаруашылық етуші субъектілерге әртүрлі көмек (қаржылық, материалдық, техникалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік, т.б.) көрсетуді жүзеге асырады [5].

Салық салу мәселелері трансферттер мәселелерімен өзара тығыз байланысты. Былай қарағанда, орталық биліктің салықты жинауы, жиналған қаражатты аймақтарға аударуы неғұрлым тиімді процесс сияқты болып көрінуі мүмкін. Азаматтар алдында есеп беретін жергілікті атқарушы органдар келіп түскен осы қаражатқа жергілікті жердегі кірістердің едәуір

бөлігін қосып, тиімді мемлекеттік қызметтер көрсетеді, тұрғындар өмірінің сапалы болуына қамқорлық жасайды және кірістердің деңгейі аймақтың әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне байланысты болғандықтан, сыбайлас жемқорлық деңгейі де төмен.

Алайда, аймақтарды трансферттермен қамтудың теріс әсері де бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Атап айтқанда, трансферттерге иек артқан жергілікті билік салықтың және басқа да төлемдердің есебінен жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға инновациялық тұрғыдан қарауды керек етпейді. Яғни аймаққа инвестиция тарту үшін мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға ынталы емес. Мәселен, Үндістанның трансферттерінен немесе кірістерді қайта бөлуінен осындай құбылыстар байқалады. Бөлінген трансферттердің 62,5 пайызы штаттар кірісіне теріс әсерін тигізіп отыр, былайша айтқанда, штат неғұрлым кедей болса, қаражатты соғұрлым көп алады.

Аймақтар арасындағы теңсіздіктің өсуі мен экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелердің тереңдеуіне байланысты аймақтардың біразы және республикалық бағынудағы қалалар ғана экономикалық өсуімен дамуы мүмкіндігіне ие. Олардың көбі инвестицияны талап етеді. Сондықтан үкімет үшін өзінің барлық қуатын мәселелі аймақтарға көмек көрсетуге бағыттап, барлық аймақтардың даму мәселелерін шешіп және бір уақытта әрбір аймақ үшін басымдылықты, әрі тиімді болатын жеке бағдарламаларын әзірлеуге қажет.

Бұған байланысты бірнеше басымдылықты мақсаттарды анықтауға болады:

- құрылымдық қайта құру және әлсіз дамыған аймақтарды дамыту;
- өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы салдарынан қатты жапа шеккен аймақтарды қайта құру;
- созылып кеткен жұмыссыздықпен күрес немесе жұмысын жоғалтқан тұлғалар мен жастарға еңбекке орналасуға көмек көрсету;
- халық тығыздығы аз аймақтарға дамуға ықпал ету.

Мемлекеттік аймақтық саясатты жүзеге асырудың негізгі бағыттары келесілер болуы тиіс:

- аймақтық бағдарламаны әзірлеу және тікелей бюджеттік қаржыландыру;
- ынталандыру үшін облыстарды және әкімшілік тірліктерді субсидиялау және несиелеу;

- аймақтық реттеудің заң негізін құру;
- берілген аудандарда жеке кәсіпкерлікті ынталандыру.

Аймақтардағы басқару жүйесін өзін-өзі басқарушы өндірістік бірліктерді құру жолымен өндірісті дамыту арқылы жетілдіру қажет. Бұл мәселені шешу үшін салық саясатына мәнді өзгерістер енгізу керек. Оның мәні либеральды бағытта болуы тиіс. Осы тапсырманы шешкеннен кейін ғана жергілікті өзін-өзі басқару идеясын жүзеге асыруға болады [6].

Қорытынды

Аймақтардың экономикасын мемлекеттік реттеуді жетілдіру үшін:

Орталық пен аймақтардың бюджеттік өкілеттіліктерін шектеу саясатын жалғастыру керек.

Аймақтарға көмек көрсетудің негізгі принциптері келесілер болуы тиіс: жалпы Республикалық еңбекті бөлудегі аймақтардың перспективалары мен орнын анықтау, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасайтын шаруашылық құрылымын құруға орталықтанған қаржылық құрылымдарды бағыттау, мемлекеттік басқару органдарынан жергілікті органдарға әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды беру кезінде оларды қаржыландыру көлемі азаймау керек.

Бюджетті әзірлеу барлық облыстар мен аймақтардың әкімнің қатысуымен жүзеге асырылуы керек. Сол кезде біз аймақтарды қаржыландырылғанға байланысты мәселелерді шеше аламыз.

Ең негізгі бағыт – орталық пен аймақ арасындағы қаржылық-экономикалық өзара қатынас жасаудың оптималды моделін таба алу.

Аймақтың экономиканың құрамдас бөлігі ретіндегі рөлі тұрақтылықты, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, оны жетілдіру мен индустрияландыру жетістіктерін сақтаудағы жүзеге асқан стратегиялық міндеттерді есепке алу арқылы белгіленуі тиіс. Аймақтың экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың негізгі мақсаты – халықтың лайықты өмір деңгейін қамтамасыз ету және оны тұрақты, ұзақ мерзімді экономикалық өсу мен барлық ресурстарды тиімді пайдалану негізінде үнемі, үздіксіз жоғарылату.

Әдебиеттер

- 1 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //2014 жыл 11 қараша
- 2 Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан № 1598.
- 3 Рустемов Н. Аймақтық басқарудың функциясы мен әдісі /Н. Рустемов //Транзиттік экономика. – 2010. – №1. – 74-79 б.
- 4 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысы.
- 5 Бримбетова Н. Ж. Модернизация территориального индустриального развития Казахстана: методология и приоритеты: монография. –Алматы: ИЭ МОН РК, – 2011. – 229 с.
- 6 Бекенова Г.Ы. Аймақтар экономикасы: оқу құралы. – Алматы, 2010.
- 7 Алдияров С. Қазақстан аймақтарының негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлары және дамуды жалпы бағалау әдісі /С. Алдияров, К. Кабдуалиева, Л. Елеусиз // Транзиттік экономика. – 2006. – №1. – 81-86 б.

References

- 1 «NURLY ZHOL – THE PATH TO THE FUTURE», President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev’s Address to the Nation, November 11, 2014 //
- 2 The concept of regional policy for 2002-2006. December 7, 2001, the Government of the Republic of Kazakhstan No. 1598
- 3 Rustemov N. Regional management function and method / N. Rustemov // transit economy. – 2010. – №1. B. 74-79.
- 4 The development of the Regional Government of the Republic of Kazakhstan on approval of the program until 2020, Resolution No. 728 dated June 28, 2014.
- 5 Brimbetova NZ Modernization of territorial industrial development of Kazakhstan: methodology and priorities. Monograph. -Almaty: IE MES. -2011.-229s
- 6 Bekenova G.I. The economy of the regions. Textbook. – Almaty, 2010.
- 7 S. Aldiyarov The main socio-economic indicators and the overall development of the regions of Kazakhstan /S.Aldiyarov method, K. Kabdualieva, L. Eleusiz // transit economy. – 2006. – №1. B. 81-86.